



**BAITEREK**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы**

**Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына  
сәйкес шоғырландырылмаған қаржылық есептілік және  
тәуелсіз аудиторлардың есебі**

**2014 жылғы 31 желтоқсан**



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
050051 Алматы, Достық д-лы 180,  
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

## Тәуелсіз аудиторлардың есебі

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Біз 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылмаған қаржылық жағдай туралы есебінен және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылмаған пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының тұжырымдамасы мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан былай, «Холдинг») ұсынылып отырған шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

*Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауда Холдинг басшылығының жауапкершілігі*

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес бұл шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауға және әділ түрде көрсетуге, сонымен қоса басшылықтың алаяқтық немесе қателерден туындаған елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындаудың керектігіне шешімі бойынша қажетті болатын ішкі бақылауға жауапты болады.

*Аудиторлардың жауапкершілігі*

Біз аудитімізге негізделген бұл шоғырландырылмаған қаржылық есептілік туралы пікір айтуға жауаптымыз. Біз Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес аудитті жүргіздік. Бұл стандарттарға сай біз әдептану талаптарына сәйкес келіп, шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы туралы ақылға қонымды сенімділік беру үшін аудитті жоспарлай орындауымыз тиіс.

Аудитке шоғырландырылмаған қаржылық есептілік сомалары мен ашулары бойынша аудиторлық дәлел алу үшін шаралардың орындалуы жатады. Таңдалған шаралар аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған шоғырландырылмаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Тәуекелді бағалауда, аудитор пікірінше ішкі бақылау жағдайларға тән болатын шараларды орындау мақсатымен, бірақ кәсіпорынның ішкі бақылауының нәтижелілігі туралы пікір айту мақсатынсыз кәсіпорынның шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындауы мен әділ көрсетуіне байланысты. Аудит сондай-ақ қолданылған есеп саясатының сәйкестігін, басшылықтың бухгалтерлік бағалаудың тиістілігін бағалаудан, сондай-ақ, шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің жалпы сипаттағы көрсетілуін бағалаудан тұрады.

Біздің пікірімізше, алған аудиторлық дәлел аудиторлық пікір негізін салуға жеткілікті, әрі тиісті болады.

*Пікір*

Пікірімізше, шоғырландырылмаған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарда Холдингтің 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

*Өзге мәліметтер*

Холдингтің 2013 жылдың 31 желтоқсанына және 2013 жылдың 22 мамырынан (тіркелу күні) 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі аралықтағы кезең бойынша қаржылық есептілігін өзінің 2014 жылдың 14 мамырында берген есебінде аталмыш қаржылық есептілік жөнінде сөзсіз оң пікірін білдірген басқа аудитор өткізген болатын.



Ирматов Р.И.  
Қазақстан Республикасының  
сертификатталған аудитору  
2012 жылдың 6 қаңтарында берілген  
№ МФ-0000053 аудитордың біліктілік куәлігі

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

*Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2006 жылдың 6 желтоқсанында аудиторлық қызметпен айналысуға берілген № 0000021 мемлекеттік лицензия*



Нигай А.Н.  
Жарғы негізінде әрекет етуші  
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас Директоры

2015 жылдың 24 сәуірі

## МАЗМҰНЫ

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

#### ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есеп .....	1
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылмаған есеп .....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есеп .....	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есеп .....	4

#### Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе .....	5
2	Холдинг өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта .....	6
3	Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндалуы .....	7
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пікірлер .....	12
5	Жаңа есептік ережелер .....	12
6	Ақша қаражаты және олардың активтері .....	13
7	Депозиттер .....	13
8	Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер .....	14
9	Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар .....	14
10	Шығарылған қарыз бағалы қағаздары .....	16
11	Пайыздық табыстар .....	17
12	Алынған дивидендтер .....	17
13	Басқа операциялық табыс .....	17
14	Әкімшілік және басқа операциялық шығындар .....	18
15	Табыс салығы .....	18
16	Акционерлік капитал .....	19
17	Қаржылық тәуекелдерді басқару .....	20
18	Шарттық міндеттемелер .....	24
19	Байланысты талаптармен операциялар .....	24
20	Есептік күннен кейінгі ахуалдар .....	26


**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есеп**

		2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>			
	Еск.		
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты және олардың активтері	6	3,235,141	2,385,171
Депозиттер	7	2,364,108	1,700,000
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	8	93,163,685	-
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	9	718,382,161	663,015,460
Негізгі құралдар		137,316	134,819
Материалдық емес активтер		204,917	7,755
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		69,312	-
Басқа активтер		244,776	71,444
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>817,801,416</b>	<b>667,314,649</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Шығарылған қарыз бағалы қағаздары	10	91,667,385	-
Қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	15	284,952	-
Басқа міндеттемелер		646,809	406,764
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>92,599,146</b>	<b>406,764</b>
<b>КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	16	718,318,712	663,102,010
Бөлінбеген пайда		6,883,558	3,805,875
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>725,202,270</b>	<b>666,907,885</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>817,801,416</b>	<b>667,314,649</b>

Шығару үшін бекітілді және Басқарманың атынан 2015 жылғы 24 сәуірде қол қойылды.



Бишімбаев Қуандық  
 Уәліханұлы  
 Басқарма Төрағасы

  
 Сейджапарова Динара  
 Нұрланқызы  
 Басқарушы директор  
 Басқарма мүшесі

  
 Есенғараева Құралай  
 Дамирқызы  
 Бас бухгалтер

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылмаған есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	Еск.	2014 ж.	2013 ж. 22 мамыр (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде
Пайыздық табыстар	11	2,404,306	121,065
Пайыздық шығындар	10	(2,039,609)	-
<b>Таза пайыздық табыстар</b>		<b>364,697</b>	<b>121,065</b>
Алынған дивидендтер	12	4,173,036	5,741,857
Басқа операциялық табыс	13	1,488,176	-
Әкімшілік және басқа операциялық шығындар	14	(2,663,274)	(1,085,736)
<b>Салық салуға дейін пайда</b>		<b>3,362,635</b>	<b>4,777,186</b>
Табыс салығы бойынша шығын	15	(284,952)	(971,311)
<b>ПАЙДА ЖӘНЕ КЕЗЕҢГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖИЫНЫ</b>		<b>3,077,683</b>	<b>3,805,875</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы  
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылмаған есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Еск.</b>	<b>Акционерлік капитал</b>	<b>Бөлінбеген пайда</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2013 ж. 22 мамырына қалдық (құрылу күні)</b>		-	-	-
2013 ж. 22 мамыр – 31 желтоқсан аралығы кезеңіндегі пайда		-	3,805,875	3,805,875
<b>2013 ж. 22 мамыр – 31 желтоқсан аралығы кезеңіндегі жиынтық табыстың жиыны</b>		-	<b>3,805,875</b>	<b>3,805,875</b>
Акциялар эмиссиясы	16	663,102,010	-	663,102,010
<b>2013 ж. 31 желтоқсанына қалдық</b>		<b>663,102,010</b>	<b>3,805,875</b>	<b>666,907,885</b>
Бір жылға пайда		-	3,077,683	3,077,683
<b>Бір жылға жиынтық табыс жиыны</b>		-	<b>3,077,683</b>	<b>3,077,683</b>
Акциялар эмиссиясы	16	55,216,702	-	55,216,702
<b>2014 ж. 31 желтоқсанына қалдық</b>		<b>718,318,712</b>	<b>6,883,558</b>	<b>725,202,270</b>

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылмаған есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	Еск.	2014 ж.	2013 ж. 22 мамыры (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Алынған пайыздар		327,689	49,475
Төленген пайыздар		(50,000)	-
Алынған дивидендтер	12	4,173,036	5,741,857
Персоналды ұстауға жұмсалған шығындар		(1,327,743)	(294,463)
Төленген әкімшілік және басқа операциялық шығындар		(1,329,780)	(402,337)
Төленген табыс салығы		(15,000)	(950,000)
<b>Операциялық қызметтен алынған ақша қаражатының таза қозғалысы</b>		<b>1,778,202</b>	<b>4,144,532</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Негізгі құралдарды сатып ал		(93,256)	(138,134)
Еншілес кәсіпорындар капиталына инвестициялар	9	(45,150,000)	(30,400,000)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(93,969)	(7,777)
Депозиттерді орналастыру		(650,000)	(1,700,000)
Еншілес кәсіпорындарға несиелер беру	8	(273,000,000)	-
Еншілес кәсіпорындардың несиелерді өтеуі		59,854	-
<b>Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражатының таза қозғалысы</b>		<b>(318,927,371)</b>	<b>(32,245,911)</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Қарыз бағалы қағаздарын шығарудан түсімдер	10	273,000,000	-
Қарапайым акциялардың эмиссиясы	16	45,000,000	30,486,550
<b>Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражатының таза қозғалысы</b>		<b>318,000,000</b>	<b>30,486,550</b>
Ақша қаражаты және олардың активтеріне айырбас курсының өзгерістерінің әсері		(861)	-
Ақша қаражаты және олардың активтерінің таза өсімі		<b>849,970</b>	<b>2,385,171</b>
Жылдың басына ақша қаражаты және олардың активтері		2,385,171	-
<b>Жылдың соңына ақша қаражаты және олардың активтері</b>	<b>6</b>	<b>3,235,141</b>	<b>2,385,171</b>



**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**1 Кіріспе**

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Холдинг») «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 25 мамырдағы №516 қаулысына сәйкес құрылған болатын. 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Холдингті соңғы бақылаушы тарап – Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Холдинг он бір еншілес кәсіпорынның тікелей акционері (2013 жылдың 31 желтоқсанында: он) болып табылады.

2013 жылдың 29 мамырында Холдинг және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) «Қазақстанның Даму банкі» АҚ (бұдан әрі - «ҚДБ» АҚ), «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ (бұдан әрі - «ҚИҚ» АҚ), «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚЭГ» АҚ), «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі - «Даму» ҚДҚ» АҚ) және «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі - «ҚКМ» АҚ) акционерлік қоғамдарының пакеттерінің акцияларын кейін сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға табыстау туралы шартқа қол қойды. 2013 жылдың тамыз және қазар айлары бойы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ жоғарыда көрсетілген кәсіпорындардың пакеттер акцияларын басқа акционерлік қоғамдардың акцияларының пакеттері мен мүлікке айырбасқа Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне табыстады.

2013 жылдың 17 маусымында Холдинг пен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті») «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» (бұдан әрі - «ТДҰА» АҚ), «Қазақстанның Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» (бұдан әрі - «ҚТҚЖБ» АҚ), «Қазақстандық Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйымы» (бұдан әрі - «ҚИК» АҚ), Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» (бұдан әрі - «ҚИНКҚ» АҚ) и «Бәйтерек Девелопмент» (бұдан әрі - «БД» АҚ), бұрын «Күйзелісті активтер қоры» деп аталған, акционерлік қоғамдарының акцияларының мемлекеттік пакеттерін кейін сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға табыстау туралы шартқа қол қойды. Оған сай Холдинг сенімді басқарушы ретінде шықты.

2013 жылдың тамыз және қазан айлары бойы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 632,615,460 мың теңге жалпы сомасына Холдингтің қарапайым акцияларына айырбасқа он жоғарыда көрсетілген кәсіпорынның пакеттерімен Холдингтің акционерлік капиталына жарна салды және 30,486,550 мың теңге сомасында ақша салды, оны Холдинг ары қарай «ҚДБ» АҚ және «ҚКМ» АҚ акционерлік капиталына салды.

2014 жылдың 19 наурызында Холдинг «Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» АҚ-мен бірлесе отырып, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС (бұдан әрі - «МЖӘ ЖСО» ЖШС) құрды. Холдинг 75% қатысу үлесін құрайтын «МЖӘ ЖСО» ЖШС жарғылық капиталына 150,000 мың теңге мөлшерінде жарна салды.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 964 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар комитеті «ҚИК» АҚ акцияларының 26% Холдингке акционерлік капиталға салым ретінде табыстады. Мәміленің сомасы бір акцияға номиналды құны 1,000 теңге болатын 10,216,701 табысталған акциялардың жалпы санымен 10,216,702 мың теңге және бір акцияға номиналды құны 608 теңгеге 1 акция құрады.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Холдинг 45,000,000 мың теңге мөлшерінде ақша жарнасын алып, «ҚКМ» АҚ, «ҚДБ» АҚ акционерлік капиталы мен «МЖӘ ЖСО» ЖШС жарғылық капиталына қосымша салымдар салды.

### **Негізгі қызмет**

Холдингтің мақсаты шикізаттық емес секторды қаржылық-инвестициялық қолдау, ұлттық экономиканың түзімді дамуын қамтамасыз ету және әртарапандыру, инвестицияларды тарту, кластерлерді дамыту және оның еншілес ұйымдарына корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Холдинг Президенттің «Нұрлы жол» жолдауына сәйкес 2010-2014 жылдарға үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы - 2020», «Қолжетімді үй - 2020» және «Өңірлерді 2020 жылға дейінгі дамыту» бағдарламаларын іске асыру жолымен даму институттары арқылы мемлекеттік стратегиялық және әлеуметтік міндеттерін шешуге белсенді қатысады.

Холдинг өз қызметінде индустриялық-инновациялық даму, ұлттық өнімнің экспортын ілгерілету, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын-үй құрылыс секторында міндеттерді іске асыру және халықтың әл-ауқаты деңгейін арттыру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметтің қойған басқа міндеттерін басшылыққа алады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**1 Кіріспе (жалғасы)**

Төменде Холдингінің негізгі еншілес кәсіпорындары берілген:

Еншілес компанияның атауы	Тіркеу елі	Игеру үлесі, %		
		2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан	
«Қазақстанның Даму банкі» АҚ	«ҚДБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-несиелік сақтандыру корпорациясы» АҚ	«ҚЭГ» АҚ»	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Даму» ҚДҚ»	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ	«ТДҰА» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	«ҚКМ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
««Қазақстанның Тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ	«ҚТҚЖБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстандық Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйымы» АҚ	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	92.06
«Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» АҚ	«ҚИНКҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Бәйтерек Девелопмент» АҚ	«БД» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» ЖШС	«МЖӘЖСО» ЖШС	Қазақстан Республикасы	75.00	-

**Холдингінің тіркелген мекен-жайы мен қызметін жүргізу орны.** Холдингінің заңды мекен-жайы мен қызметін жүзеге асырудың нақты орны Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев к-сі, 8, Б блогы болып табылады.

**Есептілікті беру валютасы.** Осы шоғырландырылмаған есептілік егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгеде берілген.

## 2 Холдинг өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

Қазақстан Республикасының экономикасы нарықтық экономикасы қалыптасу кезеңінде болатын елдерге тән сипаттық ерекшеліктерді көрсетуін жалғастырып отыр. Басқалардың арасында, осындай сипаттық ерекшеліктерге елдің шегінен тыс еркін айналатын ұлттық валютаның болмауы және бағалы қағаздардың мемлекеттік және жекеменшік нарықтарының өтімділігінің төмен деңгейі мен нарықтардың сәйкес келуі мен мөлдірлігінің болмауы жатқызылады.

Өлемдік қаржылық дағдарыс қазақстандық экономикаға күрделі әсер етті, және 2008 жылдың ортасынан бастап, қазақстандық қаржылық және корпоративтік секторда қаржылық жағдай едәуір нашарлады. Соңғы жылдары қазақстандық экономикада экономикалық өсімнің бірқалыпты қалпына келтірілуі басталды. Осы қалпына келтіру халықтың табысының біртіндеп ұлғайтылуымен, қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің төмендеуімен, сондай-ақ қысқы мерзімдік несие нарығында өтімділіктің деңгейінің артуымен жалғасты.

Осыдан басқа, Қазақстандағы қаржылық сектор, жеке алғанда, республикада саяси және заңнамалық, қаржылық және реттегіш өзгерістердің әсеріне ұшырағыш. 2015-2016 жж. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының келешегі Үкіметтің қолданатын шаралардың тиімділігіне едәуір байланысты болады. Холдингінің операциялық қызметіне жағымсыз әсер ете алатын қаржылық және экономикалық жағдайларда болжауға болмайтын өзгерістердің болу мүмкіндігі байқалады.

Басшылық қолданылатын есеп стандарттарының талаптарына сәйкес «келтірілген залалдың үлгісін» пайдаланумен несиелік қоржынның құнсыздануына резервтердің деңгейін анықтаған болатын. Осы стандарттар өткен ахуалдар нәтижесінде туындайтын құнсызданудан залалды тануды керек етеді және осындай ахуалдардың ықтималдылығы деңгейіне қарамастан, экономикалық ортаның келешек өзгерістерін қоса алғанда, келешек ахуалдар нәтижесінде туындай алатын құнсызданудан болатын залалға тыйым салады. Сөйтіп, қаржылық активтердің құнсыздануынан соңғы залал резервтердің ағымдағы деңгейінен едәуір ерекшелене алады.

Басшылық жалпы алғанда қаржылық сектор мен экономиканың дамуына әсер ете алатын барлық беталысты, сондай-ақ олардың келешекте Холдингінің қаржылық жағдайына қалай әсер ете алатынын болжай алатын күйде емес. Басшылық өзінің Холдингінің қызметінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін барлық қажетті шараны қолданатынын пайымдайды.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндалуы**

**Есептілікті берудің негіздері.** Осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржылық құралдарды бастапқы тануға түзетумен, бастапқы құн бойынша есеп қағидаларының негізінде Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған. Осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті пайдалану кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидалары төменде берілген.

Осыдан басқа, Холдинг Холдинг пен оның еншілес ұйымдарына қатысты ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындады. Холдингтің шоғырландырылған қаржылық есептілігі келесі мекен-жай бойынша Холдингтің мекен-жайында орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев к-сі, 8, 6 блок.

**Қызметтің үздіксіздігі.** Басшылық қызметтің үздіксіздігі туралы рұқсат негізінде осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындап қойды.

**Қаржылық құралдар** – бағалауға қолданылатын негізгі тәсілдер. Қаржылық құралдар олардың жіктемесіне қарамастан әділ құн немесе амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Төменде осы бағалау әдістері берілген.

**Әділ құн** - бағалау күніне нарық қатысушылар арасында ерікті негізде операцияны жүргізу кезінде активті сату кезінде алына алатын немесе міндеттемені табыстау кезінде төлене алатын баға. Әділ құнның неғұрлым жақсы расталуы белсенді нарықта белгіленетін баға болып табылады. Белсенді нарық – бұл тұрақты негізде бағалау туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін жеткілікті жиілікпен және жеткілікті көлемде активпен немесе міндеттемемен операциялар өткізілетін нарықта.

Қаржы құралдарының әділ құны белсенді нарықта айналады, кәсіпорын ұстайтын олардың санына белгіленетін бағаны шоғырландырылмаған активке немесе міндеттемеге көбейту кезінде алынған сома ретінде бағаланады. Егер нарықтың әдеттегі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында болатын активтердің және міндеттемелердің сол көлемін жұту үшін жеткілікті болмайды, ал шоғырландырылмаған операцияда позицияларды сатуға тапсырыстарды орналастыру белгіленетін бағаға әсер ете алады.

Әділ құнды бағалау нәтижелері талданып, келесі жолмен әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша бөлінеді : (i) 1 деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда белгіленетін бағалар (түзетілмейтін) бағалар бойынша бағалау жатқызылады, (ii) 2 деңгейге – барлық пайдаланылатын елеулі бастапқы деректер не тікелей (мысалы, баға) немесе жанама (мысалы, баға базасында есептелген) актив немесе міндеттеме үшін байқалатын (яғни, мысалы, баға) бағалау әдістері арқылы алынған бағалау, және (iii) 3 деңгейге байқалатын нарықтық деректерге ғана негізделмеген бағалау (яғни бағалау үшін байқалмайтын бастапқы деректердің елеулі көлемі керек етіледі) жатқызылады.

Өзіндік құн төленген ақша қаражатының немесе олардың эквиваленттерінің сомасынан, немесе сатып алу күніне активті сатып алу үшін берілген басқа ресурстардың әділ құнынан тұрады және мәміле бойынша шығындардан тұрады. өзіндік құн бойынша бағалау нарықтық баға белгіленуі болмайтын және әділ құны сенімді бағалана алмайтын үлестік құралдардағы инвестицияларға ғана және ашық нарықта баға белгіленуі болмайтын және осындай үлестік құралдармен өтелу тиіс осындай үлестік құралдарға жалғанған болатын туынды құралдарға қатысты қолданылады.

Мәміле бойынша шығындар қаржы құралын сатып алуға, шығаруға немесе шығуына жатқызылатын қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – бұл егер мәміле болмаса, өтелмеген болатын шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері ретінде шыққан қызметкерлерді қоса алғанда), кеңес берушілерге, брокерлерге және дилерлерге төленген болатын сома мен сыйақыдан, реттейтін орган мен қор биржасы төлейтін алымдардан, сондай-ақ меншікке табыстау кезінде алынатын салықтар мен алымдардан тұрады.

Мәміле бойынша шығындар қарыз міндеттемелері бойынша дисконттардан немесе сыйлықақылардан, қаржыландыруға жұмсалған шығындардан, ішкі әкімшілік шығындардан немесе сақтауға жұмсалатын шығындардан тұрмайды.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндалуы (жалғасы)**

*Амортизацияланған құн* есептелген пайыздарды қоспағанда, негізгі қарыздың төлемдерін шегергенде, ал қаржылық активтер үшін – құнсызданудан келтірілген залалдың кез-келген есептен шығарылуын шегергенде активтің бастапқы құнынан тұрады. Есептелген пайыздар алғашқы тану кезінде мәміле бойынша кейінге қалдырылған шығындардың амортизациясынан, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез-келген сыйлықақылар немесе дисконттардан тұрады. Есептелген пайыздық табыс пен есептелген пайыздық шығындар, есептелген купондық табысты және амортизацияланған дисконтты немесе сыйлықақыны (комиссияны берген кезде кейінге қалдырылғанды қоса алғанда, осындай болған кезде) қоса алғанда, жеке көрсетілмейді, ал қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылмаған есептің тиісті баптарының баланстық құнына қосылады.

*Пайыздың тиімді мөлшерлемесінің әдісі* – бұл құралдың баланстық құнына әр кезеңде (пайыздық тиімді мөлшерлемесі) тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық табысты немесе пайыздық шығынды тану әдісі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құралдың күтілетін өрекет ету мерзіміне немесе тиісті жағдайларда қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін неғұрлым қысқа мерзімге есептік келешек ақша төлемдерін немесе түсімдерін (несиелер бойынша келешек залалды қоспағанда) дисконттаудың дәл мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген құбылмалы мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәнге қарамастан белгіленетін басқа айнымалы факторлар бойынша несиелік спредті көрсететін сыйлықақы немесе дисконтты қоспағанда, пайызды өзгертудің келесі күніне дейін құбылмалы пайызбен құрал бойынша құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Осындай сыйлықақылар немесе дисконттар құралдың айналымының бүкіл күтілетін мерзімі бойы амортизацияланады. Келтірілген құнды есептеу тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын шарт бойынша талаптардың төлеген немесе алған барлық сыйақысы мен сомасынан тұрады.

*Қаржылық құралдарды алғашқы тану.* өзгеруі кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын сауда бағалы қағаздары, туынды және баса қаржы құралдары әділ құн бойынша бастапқыда бағаланады. Барлық басқа қаржы құралы мәміле бойынша шығынды қоспағанда, әділ құн бойынша бастапқыда көрсетіледі. Алғашқы тану кезінде әділ құнның неғұрлым үздік расталуы операцияның бағасы болып табылады. Бастапқы тану кезіне пайда немесе залал егер әділ құн мен операция құны арасындағы айырмашылық болса ғана ескеріледі. Оған растама нарықта байқалатын сол құралмен басқа ағымдағы мәмілелер немесе базалық деректер негізінде байқалатын нарықтардың деректерін ғана пайдаланатын бағалау әдісі бола алады.

Жеткізілуі заңнамамен белгіленген мерзімдерде немесе осы нарық үшін іскерлік айналым әдеттерімен («стандарттық жағдайларда» саты және сатып алу) жүргізілуі тиіс қаржы активтерін сатып алу және сату мәміле жасау күні, яғни Холдингінің қаржылық активті сатып алуға немесе сатуға міндеттенетін күніне көрсетіледі. Сатып алу бойынша барлық басқа операция кәсіпорын осы үлестік құралға қатысты шарттың тарабы болғанда танылады.

Байланысты тараптардың несиелерінің әділ құнын анықтау үшін Холдинг ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны сияқты бағалаудың осындай әдістерін пайдаланады. Операцияның бағасына тең болып қабылданатын бастапқы тану кезінде әділ құн мен бағалау әдісі кезінде анықталған сома арасында айырмашылықтардың туындау ықтималдылығы болады. Осындай айырмашылықтар алғашқыда басқа активтер немесе басқа міндеттемелер құрамында танылады, ал сосын байланысты тараптарға несиелердің өрекет ету мерзімі бойы біркелкі амортизацияланады.

*Қаржылық активтерді тануды тоқтату.* Холдинг (а) осы активтер өтелген немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарының өзгеше жолмен біткен кезінде, немесе (б) Холдинг қаржы активтерінен ақша ағындарына құқықтарды табыстаған немесе табыстау туралы келісімді жасаған және бұл ретте (i) сондай-ақ мәні бойынша осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекел мен пайданы берген, немесе (ii) мәні бойынша осы активтерді иеленуге байланысты барлық тәуекел мен пайданы бермеген кезінде, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығынан айырылған қаржылық активтерді тануды тоқтатады. Егер контрагенттің сатуға шектеулерді енгізбей байланысты болмайтын үшінші тарапқа активті түгелдей сатуға мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

*Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері.* Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері қолма-қол ақшаның нақты сомасына жеңіл айналатын және құнның едәуір өзгеруіне ұшырағыш баптар болып табылады. Үш айдан кем болатын бастапқы өтеу мерзімімен банктерде барлық орналастыру мен депозиттер. Беру мезетінде үш айдан асатын кезеңге пайдалану бойынша шектеулері болатын қаражат ақша қаражатының және олардың эквиваленттерінің құрамынан шығарылады. Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері амортизацияланатын құн бойынша көрсетіледі.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндалуы (жалғасы)**

**Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер.** Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер Холдинг туынды қаржы құралдарына байланысты болмайтын және белгіленген немесе анықталатын күні өтелу тиіс ашық нарықта баға белгіленуі болмайтын дебиторлық берешекті сатып алу немесе жасау мақсатында аванстық төлемдер түрінде еншілес кәсіпорындарға ақша қаражатын береді және бұл ретте Холдингте осы дебиторлық берешекпен сауда операциясын жүзеге асыру тиімді болмайды. Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер амортизацияланған құн бойынша ескереді.

**Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар.** Еншілес компаниялар Холдингтің бақылауында болатын инвестициялар нысандары болып табылады. Холдинг инвестициялар нысанына қатысудан айнымалы табыспен байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай табысты алуға құқылы болса, сондай-ақ инвестициялар нысанына қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген табыстың көлеміне әсер етуге қабілетті болса, инвестициялар нысанын бақылайды. Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындаған кезде Холдинг құнсыздану шегеріліп нақты құн бойынша еншілес кәсіпорындарға инвестицияларды ескереді, Еншілес кәсіпорындарға инвестициялардың нақты құны 9 ескертпеде ашылған.

**Негізгі құралдар.** Негізгі құралдар негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсызданудан болған жинақталған залал шегеріліп, өзіндік құн бойынша ескеріледі (бұл қажет болатын жерде).

Елеулі емес жөндеу мен ағымдағы қызмет көрсету бойынша шығындар олардың туындауына қарай ескеріледі. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін алмастыру бойынша шығындар алмастырылған компонентті ары қарай есептен шығарумен капиталдандырылады.

Әр есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздануының белгілерінің болуын анықтайды. Құнсыздану белгілері болған кезде басшылық сатуға шығын мен пайдаланудан құн ескеріліп, активтің әділ құнынан неғұрлым үздігі ретінде анықталатын өтелетін құнның бағалауын жүргізеді. Баланстық құн өтелетін құнға дейін азайтылады, ал құнсызданудан болған залал кезеңге пайдаға немесе залалға жатқызылады. Алдағы өткен кезеңдерде қандай да бір актив үшін көрсетілген құнсызданудан болған залал қалпына келтіріледі, егер пайдаланудан құнды немесе сатуға шығындар шегеріліп, оның әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған бағаларда өзгеріс болса,

Баланстық құнмен түсімнің сомасын салыстыру арқылы анықталатын шығудан пайда мен залал кезеңге пайдада немесе залалда көрсетіледі (басқа операциялы табыс пен залал құрамында).

**Амортизация.** Бақса негізгі құралдар бойынша амортизация линиялық әдісті пайдаланумен, яғни активтерді пайдалы пайдаланудың келесі есептік кезеңдері ішінде қалдық құнға дейін құнды біркелкі төмендетумен есептеледі;

	<u>Пайдалы пайдалану жылы, жыл</u>
Көлік құралдары	5 - 7
Кеңселік және компьютерлік жабдық	2 - 10
Басқалары	3 - 20

**Активтің қалдық құны** – бұл егер актив пайдалы пайдалану мерзімінің соңына және пайдалы пайдалану мерзімінің соңғы үшін тән күйге жетіп қоятын шығуға болжанатын шығын шегерілген соң активтің шығуынан бастап ағымдағы мезетте Холдингтің алған есептік сомасы. Активтердің қалдық құны және оларды пайдалы пайдалану мерзімі қайта қарастырылады, және егер қажет болса, әр есептік кезеңнің соңында түзетілетін болса, түзетіледі.

**Материалдық емес активтер.** Холдингтің материалдық емес активтерінің пайдалы пайдаланудың нақты мерзімі болып негізінен капиталданған бағдарламалық қамтамасыз еу мен басқа сатып алынған лицензиялардан тұрады. Бағдарламалық қамтамасыз етуге сатып алынған лицензиялар осы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу мен енгізуге жұмсалған шығындар негізінде капиталданады. Холдингтің бақылайтын сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамтамасыз етуге тікелей байланысты әзірлеуге шығындар егер қосымша экономикалық пайданың сомасы шығындардан артады деп күтілетін болса, материалдық емес активтер ретінде көрсетіледі. Капиталдандырылатын шығындар бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер тобын ұстауға жұмсалған шығын мен үстеме шығындардың тиісті үлесінен тұрады. Бағдарламалық қамтамасыз етуге байланысты барлық шығындар (мысалы, оған қызмет көрсетуге байланысты) оларды келтіру көлеміне қарай ескеріледі.

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндалуы (жалғасы)**

Материалдық емес активтер активтерді пайдалы пайдаланудың келесі есептік мерзімдері ішінде линиялық әдіспен амортизацияланады:

	<u>Пайдалы пайдалану жылы, жыл</u>
Компьютерлік бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар мен патенттер	3 – 20
Өз бетімен әзірленген бағдарламалық қамтамасыз ету	1 - 14
Басқалары	2 - 15

**Операциялық жалдау.** Холдинг жалға алушы ретінде шығады, және жалдау нысандарын иеленуден болатын тәуекелдер мен шығындарды жалға беруші Холдингке бермейді, операциялық жалдаудың шарттары бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалдау мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару әдісін пайдаланумен кезеңге пайдада немесе залалда (жалдау бойынша шығындар ретінде) көрсетіледі.

Басқа шарттарға кіріктірілген жалдау бөлінеді, егер (а) шартты орындау нақты активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса және (б) шарт активті пайдалануға құқықтарды табыстауды қарастыратын болса.

Активтер операциялық жалдауға табысталған кезде, алынуға жалдау төлемдері жалдау мерзімі бойы біркелкі есептен шығару әдісін пайдаланумен жалдаудан түскен табыс ретінде көрсетіледі.

**Табыс салығы.** Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте салық мөлшерлемелерін пайдаланумен заңнаманың талаптары мен есептік кезеңнің соңына әрекет еткен немесе мәні бойынша күшіне енген заңнамалық нормалардың талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығындар көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы салықтар бойынша шығыннан/табыстан және қалдырылған салықтар бойынша шығыннан/табыстан тұрады және егер басқа жиынтық табыс құрамында немесе сондай-ақ басқа жиынтық табыс құрамында немесе капиталда осы немесе басқа кезеңде көрсетілген операцияларға жатқызылуына байланысты тікелей капиталда көрсетілмеу керек болса, кезеңге пайдада немесе шығында көрсетіледі.

Ағымдағы салық салық органдарына төлену тиіс немесе ағымдағы және алдағы өткен кезеңдерге салық салынатын пайдаға немесе залалға қатысты салық органдары өтеу тиіс деп күтілетін пайдаға салық сомасы негізінде есептеледі. Салық салынатын пайда немесе залал бағалау көрсеткіштеріне негізделеді, егер шоғырландырылмаған қаржылық есептілік тиісті салық декларацияларын бергенге дейін бекітілетін болса. Пайдаға салықты қоспағанда, салықтар бойынша басқа шығындар әкімшілік және басқа операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

Қалдырылған табыс салығы активтер мен міндеттемелердің салық салынатын базасы мен олардың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылмаған есебіндегі баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтар мен қалдырылған салық залалына қатысты баланстық міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Бастапқы тану үшін ерекшелікке сәйкес қалдырылған салық активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты ескерілмейді, егер бизнесті біріктіру нәтижесінде туындайтын бастапқы тану жағдайларын қоспағанда, мәміле бастапқы тану кезінде бухгалтерлік, салық пайдасына әсер етпесе. Қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер есептік кезеңнің соңына әрекет ететін немесе мәні бойынша әрекет ететін және уақытша айырмашылықтар немесе қалдырылған салық залалы іске асырылатын кезеңде қолданылады деп күтілетін салық салу мөлшерлемелерін пайдаланумен анықталады.

Салық салатын базаны азайтатын уақытша айырмашылықтар бойынша қалдырылған салық активтері және қалдырылған салық залалдары салық салынатын уақытша айырмашылықтар қарсы пайдаланылатын болатын салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы болатын сол деңгейде ғана көрсетіледі.

**Бөлінбеген салық позициялары.** Холдингтің бөлінбеген салық позицияларын басшылық әр есептік кезеңнің соңында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер басшылық егер Холдингтің салық позициясына салық органдары шағым беретін кезде, қосымша салық міндеттемелерінің туындауы ықтимал деп санаған сол жағдайларда ескеріледі. Осындай бағалау есептік кезеңнің соңында әрекет еткен немесе мәні бойынша әрекет еткен салық заңнамасын және соттың кез-келген белгілі қаулысын немесе іспеттес сұрақтар бойынша өзге шешімді түсіндіру негізінде орындалады. Пайдаға салықты қоспағанда, айыппұлдар, өсімпұлдар мен салықтар бойынша міндеттемелер есептік кезеңнің соңында міндеттемелерді реттік үшін қажетті шығынды басшылықтың неғұрлым үздік бағалауы негізінде көрсетіледі.

**Шығарылған қарыз бағалы қағаздары.** Шығарылған қарыз бағалы қағаздары Холдингтің қазақстандық теңгеде шығарған облигацияларынан тұрады. Қарыз бағалы қағаздары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндалуы (жалғасы)**

**Мемлекеттік субсидиялар.** Мемлекеттік субсидиялар Холдингінің операциялық қызметіне жатқызылатын өткен жақты немесе келешекте нақты жағдайларды орындауға айырбасқа Холдингінің ресурстарын ауыстыру нысанында Үкіметтің, мемлекеттік агенттіктердің және мемлекеттік ұйымдардың берген көмегі болып табылады. Мемлекеттік субсидиялар егер Холдингінің оларға байланысты барлық жағдайды орындайтынына және көрсетілген субсидияларды алатынына негізделген сенімділік болмаса, танылмайды. Әтуді керек ететін жағдайлар болған кезде, субсидиялар басқа міндеттемелер құрамында танылады.

Нарықтықтан төмен сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік қарызды алудан пайда мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі. Нарықтықтан төмен сыйақы мөлшерлемесінен пайда қарыздың бастапқы баланстық құны мен түсімдер сомасы арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар Холдингінің өтеу үшін субсидиялар қаражаты арналған тиісті шығындар шығыстары ретінде танитын кезеңдер бойы жүйелі негізде пайда немесе залал құрамында танылады.

**Міндеттемелерге резервтер мен аударымдар.** Міндеттемелерге резервтер мен аударымдар белгілі мерзіммен немесе сомамен қаржылық емес сипаттағы міндеттемені білдіреді. Резервтер Холдингіте қандай да бір өткен ахуал негізінде туындайтын міндеттемелер (заңды немесе қалыптасқан тәжірибемен негізделген) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бұл ретте Холдингінің міндеттемесін реттеу үшін экономикалық пайдадан тұратын ресурстардың шығуының керек болуы ықтимал болады және міндеттеменің көлемін сенімді бағалауға болады.

**Жеткізушілермен есеп айырысу және басқа кредиторлық берешек.** Кредиторлық берешек контрагенттің өз міндеттемелерін орындауы кезінде танылады және амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

**Акционерлік капитал.** Міндетті өтелуге тиіс болмайтын қарапайым акциялар мен олар бойынша басшылықтың қарауымен жарияланатын дивидендтер капитал ретінде бейнеленеді. Жаңа акциялардың эмиссияларына тікелей жатқызылатын қосымша шығындар түсімінің азайтылуы ретінде капиталда (салық ескерілмей көрсетіледі). Алынған қаражаттың әділ құны шығарылған акциялардың номиналды құнынан асатын сома эмиссиялық табыс ретінде капиталда көрсетіледі.

**Табыс пен шығынды көрсету.** Барлық қарыз құралы бойынша пайыздық табыс пен шығын пайыздың тиімді мөлшерлемесінің әдісін пайдаланумен есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Осындай есептеме пайыздық табыс пен шығынға шарттық тараптарының төлеген және алған және пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиясы мен алымынан, мәміле бойынша шығындардан, сондай-ақ барлық басқа сыйлықақыдан немесе жеңілдіктерден тұрады.

Пайыздың тиімді мөлшерлемесіне жатқызылатын комиссиялар қаржылық активті құруға немесе сатып алуға, немесе қаржылық міндеттемені шығаруға (мысалы, несиеге қабілеттілікті бағалауға, кепілдіктерді бағалауға немесе есепке алуға, құралды беру жағдайларын реттеуге және мәміле бойынша құжаттарды өңдеуге комиссиялық ақылар) байланысты алынған немесе төленген комиссиялардан тұрады. Нарықтық мөлшерлемелер бойынша несиені беру бойынша міндеттемені шығаруға Холдингінің алған комиссиялары, егер Холдингінің нақты несиелік келісімді жасайтыны және несиені бергеннен кейін қысқа кезең ішінде несиені сатпайтынын жоспарламайтын болатыны туралы ықтималдылық болса, пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдинг өзгертілуі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттеме ретінде несиені беру бойынша міндеттемені жіктемейді.

Барлық басқа комиссиялық табыс, баса табыс пен басқа шығын, әдетте берілу тиіс қызметтердің жалпы көлемінде нақты көрсетілген қызметтің үлесі ретінде анықталатын нақты мәміленің аяқталу деңгейіне қарай есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Синдикатталған несиелерге комиссия синдикаттау операциясы аяқталатын және Холдингінің несие пакетінің бөлігін өзіне қалдырмайтын немесе Холдингінің мәміленің басқа қатысушылары сияқты пайыздың сол тиімді мөлшерлемесі бойынша пакеттің бөлігін қалдыратын табыс ретінде көрсетіледі.

**Шетелдік валютаны қайта бағалау.** Холдингінің функционалдық валютасы мен Холдингінің есептілігін беру валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, қазақстандық теңге болып табылады.

**Қызметкерлерді ұстауға жұмсалатын шығындар және оларға байланысты аударымдар.** Еңбек ақыға жұмсалатын шығындар, мемлекеттік зейнетақылық қорға және әлеуметтік сақтандыру қорына жұмсалатын жарналар, ақылы жыл сайынғы демалыстар мен науқастануына төленетін демалыстар, сыйлықақылар мен ақшалай емес нысандағы жеңілдіктер Холдингінің қызметкерлердің тиісті қызметтерді көрсетуіне қарай есептеледі. Холдинг белгіленген жарналармен мемлекеттік жоспарға сай төлемдерден басқа, зейнетақыларды немесе ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қандай да бір құқықтық немесе іскерлік тәжірибеден туындайтын міндеттемелері болмайды.

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**3 Есеп саясаты қағидаларының қысқаша мазмұндалуы (жалғасы)**

**Өтімділік тәртібінде қаржылық жағдай туралы есептік баптарын беру.** Холдингте нақты анықталатын циклі болмайды, сондықтан Холдинг қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді жеке бермейді. Осының орнына активтер мен міндеттемелер 17 ескертпеде өтеудің күтілетін мерзімдері бойынша берілген.

**Шығарғаннан кейін қаржылық есептілікке өзгерістер енгізу.** Осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктегі кез-келген өзгерістер шығарғаннан кейін есептілікті шығаруға рұқсат берген Холдингің Директорлар кеңесінің растауын керек етеді.

#### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пікірлер**

Холдинг шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаға және келесі қаржылық жылы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін есептік бағалаулар мен рұқсаттарды жүргізеді. Есептік бағалаулар мен пікірлер басшылықтың ойынша, ағымдағы міндеттемелер кезінде негізделген болып табылатын келешек ахуалдарға қатысты күтулерді қоса алғанда, басшылықтың тәжірибесі мен басқа факторлар негізінде біртіндеп талданады. Есеп саясатын қолдану үдерісінде басшылық сондай-ақ кәсіби пікірлер мен бағалауларды пайдаланады. шоғырландырылмаған қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаға едәуір әсер ететін кәсіби пікірлер мен нәтижесі келесі қаржылық жылдың ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының едәуір өзгеруіне әсер ете алатын бағалаулар келесілерден тұрады:

**Салық заңнамасы.** Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кедендік заңнамасы әртүрлі түсіндірмелердің мүмкіндігіне жол береді (18 ескертпе).

**Мемлекеттік даму бағдарламалары бойынша нарықтықтан төмен мөлшерлемелер бойынша тартылған және орналастырылған қаражатты бастапқы тану.** Еншілес кәсіпорындарға берілген тартылған қаражат пен несиені есепке алу мен бағалауға қолданылатын тәсіл, экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында, 2014 жылы 8 және 10 ескертпелерде ашылған.

**Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы тану.** Өз қарапайым қызметі барысында, Холдинг байланысты тараптармен операцияларды өткізеді. ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес қаржы құралдары әділ құн бойынша бастапқыда көрсетілу тиіс. Осындай операциялар үшін белсенді нарық болмаған кезде, нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша операциялардың жүзеге асырылғанын немесе асырылмағанын анықтау үшін, кәсіби пікірлер пайдаланылады. Пікір үшін негіздеме байланысты болмайтын тапатармен операциялардың ұқсас түрлеріне бағаны белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады.

#### **5 Жаңа есептік ережелер**

Бірқатар жаңа стандарттар, стандарттарға түзетулер мен түсіндірмелер 2014 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша күшіне енбеген және осы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылмаған. Көрсетілген жаңа өзгерістерден келесі стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер Холдингің қызметіне әсер ете алады. Холдинг көрсетілген стандарттардың, түзетулер мен түсіндірмелерді енгізген мезеттен бастап оларды қолдануды бастайды.

- 2014 жылдың шілдесінде жарияланған ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» бар ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану мен бағалау» алмастырады. ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздануды бағалау үшін күтілетін несие залалының жаңа үлгісін және хеджирлеу есебі бойынша жаңа жалпы талаптарды қоса алғанда, қаржылық активтерді жіктеу мен бағалауға қатысты қайта қарастырылған нұсқаулықтан тұрады. Сондай-ақ жаңа стандарт ХҚЕС (IFRS) 9 қабылдаған қаржылық құралдарды тану мен тануды тоқтатуға қатысты нұсқаулықты күшінде қалдырады. Холдинг жаңа стандарттың қаржылық құралдар есебінің үдерісіне елеулі өзгерістерді енгізетінін және қаржылық есептілікке едәуір өзгеріс енгізуге ықтимал екенін таниды. Холдинг осы өзгерістердің әсер етуіне бағалауды өткізбеді. Холдинг осы стандартты мерзімінен бұрын қабылдауға ниетті емес. Стандарт кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, 2018 жылдың 1 қаңтарынан немесе кешірек басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты ретроспективтік қолдануға жатады.
- «ХҚЕС-қа түрлі жетілдірулер» шоғырландырылмаған алғанда әр стандартқа қатысты қолданылады. Беру, тану немесе бағалау мақсатында бухгалтерлік есепке кіріспеге өзгерістерге әкеп соғатын барлық түзету 2015 жылдың 1 қаңтарынан ерте емес күшіне енеді. Холдинг оның қызметінің қаржылық жағдайына немесе нәтижесіне жетілдірулердің ықтимал әсерін талдауды өткізбеді.



**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**6 Ақша қаражаты және олардың активтері**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж.</b> <b>31 желтоқсан</b>	<b>2013 ж.</b> <b>31 желтоқсан</b>
Талап етуге дейін депозиттер	3,109,092	2,300,000
Ағымдағы шоттар	126,049	85,171
<b>Ақша қаражаты және олардың активтерінің жиыны</b>	<b>3,235,141</b>	<b>2,385,171</b>

Кестеде төменде 2014 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша StandardandPoor's рейтингінің немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде несиелік сапа бойынша ақша қаражаты және олардың активтері берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Талап етуге дейін депозиттер</b>	<b>Ағымдағы шоттар</b>	<b>Жиыны</b>
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құнсызданбаған</i>			
- BB- бастап BB+ дейін рейтингімен	1,902,592	126,049	2,028,641
- B+ рейтингімен	1,206,500	-	1,206,500
<b>Ақша қаражаты және олардың активтерінің жиыны</b>	<b>3,109,092</b>	<b>126,049</b>	<b>3,235,141</b>

Кестеде төменде 2013 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша StandardandPoor's рейтингінің немесе Moody's немесе Fitch агенттіктерінің рейтингтері негізінде несиелік сапа бойынша ақша қаражаты және олардың активтері берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Талап етуге дейін депозиттер</b>	<b>Ағымдағы шоттар</b>	<b>Жиыны</b>
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құнсызданбаған</i>			
- BBB- бастап BBB+ дейін рейтингімен	1,500,000	-	1,500,000
- BB- бастап BB+ дейін рейтингімен	-	85,171	85,171
- B- бастап B+ дейін рейтингімен	800,000	-	800,000
<b>Ақша қаражаты және олардың активтерінің жиыны</b>	<b>2,300,000</b>	<b>85,171</b>	<b>2,385,171</b>

Ақша қаражаты және олардың активтерінің пайыздық мөлшерлемелерін талдау 17 ескертпеде берілген.

## **7 Депозиттер**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж.</b> <b>31 желтоқсан</b>	<b>2013 ж.</b> <b>31 желтоқсан</b>
Үш айдан асатын бастапқы өтеу мерзімімен банктердегі депозиттер	2,364,108	1,700,000
<b>Депозиттер жиыны</b>	<b>2,364,108</b>	<b>1,700,000</b>

Депозиттердің қамтамасыз етуі болмайды. Төменде 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша несиелік сапа бойынша депозиттерді талдау берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж.</b> <b>31 желтоқсан</b>	<b>2013 ж.</b> <b>31 желтоқсан</b>
<i>Мерзімі өтіп кетпеген және құнсызданбаған</i>		
- BB- рейтингімен	-	1,700,000
- B- рейтингімен	1,810,350	-
- рейтингсіз	553,758	-
<b>Мерзімі өтіп кетпеген және құнсызданбаған жиыны</b>	<b>2,364,108</b>	<b>1,700,000</b>
<b>Депозиттер жиыны</b>	<b>2,364,108</b>	<b>1,700,000</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**8 Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2013 ж. 31 желтоқсан</b>
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	93,163,685	-
<b>Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер жиыны</b>	<b>93,163,685</b>	<b>-</b>

Несиелер Холдингтің келесі еншілес кәсіпорындарына берілген болатын:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2013 ж. 31 желтоқсан</b>
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	45,842,265	-
- «Қазақстанның Даму банкі» АҚ	29,521,257	-
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ	17,800,163	-
<b>Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер жиыны</b>	<b>93,163,685</b>	<b>-</b>

2014 жылы Холдинг 273,000,000 мың теңге жалпы сомасына еншілес кәсіпорындарға несиелер берді. Несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылына 0.15%, өтеу мерзімі – 2034 жыл.

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес несиелер келесі жағдайларға берілген болатын:

- өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпорындардың қызметін қаржыландыру үшін «ДАМУ» ҚДҚ» АҚ несиелері үшін 150,000,000 мың теңге;
- өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтін ірі кәсіпорындардың субъектілерін ары қарай қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ несиелері үшін 50,000,000 мың теңге;
- 2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасының жобаларын ары қарай қаржыландыру үшін «ҚДБ» АҚ несиелері үшін 50,000,000 мың теңге;
- ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрме үшін жылжымайтын мүлік нысандары мен сауда-ойын сауық орталығын салуды қаржыландыру мақсатында «БД» АҚ несиелері үшін 23,000,000 мың теңге.

Бастапқы тану кезінде несиелер жылына 5.41% бастап 6.58% дейін құбылатын ақша қаражатының келешек ағындарын дисконттау үшін сыйақының тиісті нарықтық мөлшерлемесін пайдаланумен есептелген әділ құн бойынша танылған болатын. Холдинг әділ құн мен номиналды құнның арасындағы 181,834,334 мың теңге сомасындағы айырмашылықты пайда немесе залал құрамында, нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде залал ретінде таныды. Осы несиелер жылына 0.1% сыйақы мөлшерлемесімен және 2034 жылы өтеу мерзімімен теңгеге ірілендірілген облигацияларды шығару арқылы қаржыландырды (10 ескертпе). Осы акцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ түгелдей сатып алды. Бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен номиналды құн арасындағы 183,322,224 мың теңге сомасындағы айырмашылық еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде залалды Холдингтің таныған сол жолында мемлекеттік субсидия ретінде пайда немесе залал құрамында таныған болатын (13 ескертпе).

## **9. Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар**

2013 жылдың 29 мамырында және 2013 жылдың 17 маусымында Холдинг «Самұрық-Қазына» ҰОҚ-мен және Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен, кейін сатып алу құқығынсыз, төменде санамаланған акционерлік қоғамдарының акцияларының пакеттерін сенімді басқаруға табыстау туралы шартқа (бұдан әрі - СБШ) қол қойды.

2013 жылдың тамыз және қазан айлары бойы «Самұрық-Қазына» ҰОҚ «ҚДБ» АҚ, «ҚИҚ» АҚ, «ҚЭГ» АҚ, «Даму» ҚДҚ» АҚ және «ҚКМ» АҚ акцияларының пакеттерін Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне басқа мемлекеттік компаниялардың акциялардың пакеттеріне және мүлікке айырбасқа берді. Сол күні Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жоғарыда көрсетілген кәсіпорындардың акцияларының пакеттерін «ТДҰА» АҚ, «ҚТҚЖБ» АҚ, «ҚИҚ» АҚ, «ҚИНҚ» АҚ и «БД» АҚ Холдингке оның акцияларына айырбасқа берді.

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**

**9. Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)**

Төменде санамаланған кәсіпорындарды иеленуге айырбасқа Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне берілген Холдингінің акцияларының құны 2013 жылдың 1 тамызына «ҚИК» АҚ және 2013 жылдың 1 тамызына қалған кәсіпорындардың таза активтерінің баланстық құны бойынша бағаланды.

Төменде кестеде 2014 жылдың ішінде еншілес кәсіпорындарға Холдингінің инвестицияларының баланстық құнын өзгерту көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2013</b> <b>31 желтоқсан</b>	<b>Салым</b>	<b>2014</b> <b>31 желтоқсан</b>
Баланстық құн:			
«ҚДБ» АҚ	268,515,793	25,000,000	293,515,793
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	95,159,603
«ҚКМ» АҚ	84,696,686	20,000,000	104,696,686
«Даму» ҚДҚ» АҚ	78,925,794	-	78,925,794
«ҚИК» АҚ	28,265,532	10,216,701*	38,482,233
«БД» АҚ	47,732,078	-	47,732,078
«ТДҰА» АҚ	25,533,132	-	25,533,132
«ҚИҚ» АҚ	18,939,971	-	18,939,971
«ҚЭГ» АҚ»	13,018,407	-	13,018,407
«ҚИНКҚ» АҚ	2,228,464	-	2,228,464
«МЖӘЖСО» ЖШС	-	150,000	150,000
<b>Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар жиыны</b>	<b>663,015,460</b>	<b>55,366,701</b>	<b>718,382,161</b>

\* Жарғылық капиталға салым ретінде алынған (1 ескертпе).

Төменде кестеде 2013 жыл бойы еншілес кәсіпорындарға Холдингінің инвестицияларының баланстық құнын өзгерту берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Сатып алу күніне</b>	<b>Салым</b>	<b>2013</b> <b>31 желтоқсан</b>
Баланстық құн:			
«ҚДБ» АҚ	238,515,793	30,000,000	268,515,793
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	95,159,603
«ҚКМ» АҚ	84,296,686	400,000	84,696,686
«Даму» ҚДҚ» АҚ	78,925,794	-	78,925,794
«ҚИК» АҚ	28,265,532	-	28,265,532
«БД» АҚ	47,732,078	-	47,732,078
«ТДҰА» АҚ	25,533,132	-	25,533,132
«ҚИҚ» АҚ	18,939,971	-	18,939,971
«ҚЭГ» АҚ»	13,018,407	-	13,018,407
«ҚИНКҚ» АҚ	2,228,464	-	2,228,464
<b>Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар жиыны</b>	<b>632,615,460</b>	<b>30,400,000</b>	<b>663,015,460</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**

**10. Шығарылған қарыз бағалы қағаздары**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	Орналастыру күні	Өтеу күні	Номиналды құн	Баланстық құн
			2014 ж. 31 желтоқсан	2014 ж. 31 желтоқсан
KZ2C0Y20E676 (листингсіз)	14.04.2014	14.04.2034	100,000,000	30,346,124
KZ2C0Y20E775(листингсіз)	10.12.2014	10.12.2034	100,000,000	29,223,001
KZ2C0Y20E742(листингсіз)	30.10.2014	30.10.2034	50,000,000	14,352,834
KZP01T20E730(листингсіз)	15.07.2014	15.07.2034	23,000,000	17,745,426
			<b>273,000,000</b>	<b>91,667,385</b>

2014 жылдың ішінде Холдинг келесі облигацияларды шығарды:

- жылына 0.1% сыйақы мөлшерлемесімен және 2034 жылдың сәуір айында өтеу мерзімімен, 2014 жылдың 11 сәуірінде шығарылған, номиналды құны 100,000,000 мың теңге болатын купондық облигациялар, тартылған қаражаттың 50,000,000 мың теңгесі өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін және 50,000,000 мың теңгесі шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың бұрын қабылданған бағдарламаларына қатыспайтын әрекет ететін қарыз бен қарызгерлерді қайта қаржыландыру үшін арналған. Осы облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ сатып алған болатын.

- жылына 0.1% купондық мөлшерлемен және 2034 жылдың желтоқсан айында өтеу мерзімімен, 2014 жылдың 9 желтоқсанында шығарылған, номиналды құны 100,000,000 мың теңге болатын купондық облигациялар, тартылған қаражаттың 50,000,000 мың теңгесі өнеркәсіптің өңдеуші салаларында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін және 50,000,000 мың теңгесі өнеркәсіптің өңдеуші салаларында жұмыс істейтін ірі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін арналған. Осы облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ сатып алған болатын.

- жылына 0.1% купондық мөлшерлемен және 2034 жылдың қазан айында өтеу мерзімімен, 2014 жылдың 29 қазанында шығарылған, номиналды құны 50,000,000 мың теңге болатын купондық облигациялар. Тартылған қаражат 2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі - ИИДМБ) жобаларын қаржыландыру үшін арналған. Осы облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ сатып алған болатын.

- жылына 0.1% купондық мөлшерлемен және 2034 жылдың шілде айында өтеу мерзімімен, 2014 жылдың 14 шілдесінде шығарылған, номиналды құны 23,000,000 мың теңге болатын купондық облигациялар. Холдинг осы облигацияларды 2020 жылдың қаңтар айында өтемекші. Тартылған қаражат ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрме үшін жылжымайтын мүлік нысандары мен сауда-ойын сауық орталығын салуды қаржыландыру үшін арналған. Осы облигацияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ сатып алған болатын.

Мемлекеттік қолдау мен дамытудың жоғарыда көрсетілген бағдарламаларын іске асыру шеңберінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі бағдарламалар агенттері ретінде, сондай-ақ қаражатты соңғы алушылар үшін, Холдинг және оның еншілес кәсіпорындары, коммерциялық банктер үшін сыйақы мөлшерлемелері, қаржыландыру мерзімдері мен ілеспе талаптар түрінде қаржыландыру жағдайларын белгілейді. Осыдан басқа, Үкімет Холдингтің еншілес компаниялары коммерциялық банктер мен компанияларды ары қарай қаржыландыра алатын арнайы талаптарды қабылдады. Осы себеппен 2014 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ сатып алған облигацияларды бағалаудағы айырмашылық сомасы орналастыру күні әділ құн бойынша мемлекеттік субсидия ретінде танылды, себебі «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ Холдингтің соңғы акционері ретінде емес, мемлекет агенті ретінде әрекет етті, себебі қарыз бойынша барлық жағдай көрсетілген бағдарламаларды қаржыландыру туралы бұрыштамада Үкімет деңгейінде келісілген болатын, және Үкімет Холдингтің тікелей акционері ретінде осы бағдарламалардан тікелей экономикалық пайданың түсуін күтпейді, себебі жеңілдіктерді соңғы алушылар бағдарламалармен анықталған субъектілер болып табылады. Холдингтің еншілес кәсіпорындары Қазақстан Республикасының коммерциялық банктеріне жылына 2% сыйақы мөлшерлемесімен несиелер беріп, коммерциялық банктерді қаржыландырды. Сөйтіп, 2014 жылы Холдинг пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылмаған есепте басқа операциялық табыстарды таныған 183,322,224 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидиялар ретінде көрсетті (13 ескертпе). Холдинг бастапқы тану кезінде шығарылған облигациялардың әділ құнын анықтау кезінде жылына 5.41% бастап 6.58% дейін нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді пайдаланды.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойы келтірілген 5.41% до 6.58% сомасындағы пайыздық шығындар шығарылған қарыз бағалы қағаздарына жатқызылады.

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**

**11. Пайыздық табыстар**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж.</b>	<b>2013 ж. 22 мамыры (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде</b>
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	2,068,433	-
Депозиттер	335,873	121,065
<b>Пайыздық табыстар жиыны</b>	<b>2,404,306</b>	<b>121,065</b>

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға пайыздық табыстың сомасына еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде туындаған дисконтты амортизациялау нәтижесінде алынған 1,925,330 мың теңге сомасында табыс қосылған (8 ескертпе).

**12. Алынған дивидендтер**

2013 жылы сенімді басқару туралы шарттың әрекет ету кезінде және Холдингің иеленудің заңды құқығын алғанға дейін еншілес ұйымдардан, кейін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-нан өткен Холдингке дивидендтер төленді. Холдинг сенімді басқару кезінде енгізілген қызметке қатысты талаптардың болмауы туралы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жасасқан қосымша келісім негізінде тегін алынған табыс ретінде осы дивидендтерді таныды.

2014 жылдың ішінде еншілес кәсіпорындар 2013 жылдың 31 желтоқсанына дейін 4,173,036 мың теңге (2013 жылдың 22 мамырынан бастап кезеңге (түзілу күні) сомасында дивидендтерді танып, оларды Холдингке төледі: 5,741,857 мың теңге).

**13. Басқа операциялық табыс**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж.</b>	<b>2013 ж. 22 мамыр (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде</b>
Нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген несиелерді бастапқы тану кезінде залал (8 еск.)	(181,834,334)	-
Мемлекеттік субсидия (10 еск.)	183,322,224	-
Басқалары	286	-
<b>Басқа операциялық табыс жиыны</b>	<b>1,488,176</b>	<b>-</b>

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**

**14. Әкімшілік және басқа операциялық шығындар**

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж.</b>	<b>2013 ж. 22 мамыры (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде</b>
Персоналды ұстауға шығындар	1,219,808	476,811
Аутсорсинг бойынша шығындар	232,614	42,471
Операциялық жалдау бойынша шығындар	218,081	65,804
Жарнамалық және маркетингтік қызметтер	205,358	20,173
Директорлар кеңесін ұстауға шығындар	180,773	69,233
Кеңес беру қызметтері	165,666	282,689
Қайырымдылық және демеушілік көмек	119,217	-
Негізгі құралдарға жатқызылатын басқа шығындар	54,880	60,558
Негізгі құралдардың амортизациясы	43,438	3,314
Қызметкерлерді оқыту, конференциялар	35,154	12,157
Сақтандыру бойынша шығындар	29,557	6,254
Кеңселік типографиялық өнім бойынша шығындар, имидждік өнім	26,259	11,670
Байланыс қызметтері	24,665	7,047
Іссапар шығындары	17,948	15,074
Бағдарламалық қамтамасыз ету мен басқа материалдық емес активтердің амортизациясы	3,556	22
Басқалары	86,300	12,459
<b>Әкімшілік және басқа операциялық шығындар жиыны</b>	<b>2,663,274</b>	<b>1,085,736</b>

**15. Табыс салығы**

Кезеңге пайда немесе залал құрамында көрсетілген табыс салығы бойынша шығындар келесі компоненттерден тұрады:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014 ж.</b>	<b>2013 ж. 22 мамыры (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде</b>
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар	-	971,311
Уақытша айырмашылықтардың туындау және қалпына келу салдарынан қалдырылған салық міндеттемелерінің көлемінің өзгертілуі	284,952	-
<b>Табыс салығы бойынша шығын жиыны</b>	<b>284,952</b>	<b>971,311</b>

2014 жылы Холдингінің пайдасына қолданылатын табыс салығының ағымдағы мөлшерлемесі 20% (2013: 20%) құрайды. 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Холдинг 54,312 мың теңге (2013 жыл: 21,311 мың теңге) сомасында банктерге депозиттер бойынша пайыздық табысқа көзден салықты төлеуге табыс салығын есептеуді жүзеге асырды.

Төменде салық салу бойынша нақты шығындармен теориялық салық шығындарын салыстыруды өткізді:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014</b>	<b>%</b>	<b>2013 ж. 22 мамыры (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде</b>	<b>%</b>
<b>Салық салуға дейін пайда</b>	<b>3,362,635</b>	<b>100</b>	<b>4,777,186</b>	<b>100</b>
Табыс салығы бойынша әрекет ететін мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	672,527	20	955,437	20
Алынған дивидендтер	(834,607)	(25)	-	-
Танылмаған қалдырылған салық активтері	444,002	13	-	-
Шегерілмейтін шығындар	3,030	-	15,874	-
<b>Табыс салығы бойынша шығындар</b>	<b>284,952</b>	<b>8</b>	<b>971,311</b>	<b>20</b>

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**

**15 Табыс салығы (жалғасы)**

ХҚЕС мен Қазақстан Республикасының салық заңнамасының арасындағы айырмашылықтар қаржылық есептілікті жасау мақсатында және пайдаға салықты есептеу мақсатында активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтардың туындауына әкеп соқтырады. Уақытша айырмашылықтарды пайдалану мерзімі қолданыстағы салық заңнамасымен шектелмеген. Келешек кезеңдері келтірілген салық залалын пайдалану мерзімі 2025 жылы бітеді.

Төменде 20% (2013 ж.: 20%) мөлшерлемесі бойынша көрсетілетін осы уақытша айырмашылықтардың қозғалысының салық салдары келтірілген.

	Пайда немесе залал		
	2014 ж. 1 қаңтар	құрамында көрсетілген	2014 ж. 31 желтоқсан
<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>			
<b>Салық салатын базаны азайтатын (ұлғайтатын) уақытша айырмашылықтардың салық әсері</b>			
Негізгі құралдар	-	(19,569)	(19,569)
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	-	35,981,801	35,981,801
Шығарылған қарыз бағалы қағаздары	-	(36,275,631)	(36,275,631)
Басқа міндеттемелер	-	28,447	28,447
Келешек кезеңдерге апарылатын салық залалдары	-	444,002	444,002
<b>Өтеу мүмкіндігін бағалауға дейін таза қалдырылған салық активі</b>	-	<b>159,050</b>	<b>159,050</b>
Танылған қалдырылған салық активі	-	36,010,248	36,010,248
Танылған қалдырылған салық міндеттемесі	-	(36,295,200)	(36,295,200)
<b>Қалдырылған табыс салығы бойынша таза міндеттеме</b>	-	<b>(284,952)</b>	<b>(284,952)</b>

**16. Акционерлік капитал**

<i>(мың қазақстандық теңгеде, акциялар санын қоспағанда)</i>	2014 ж.	2013 ж.
	31 желтоқсан	31 желтоқсан
Жарияланған қарапайым акциялар	5,000,086,550	5,000,086,550
Шығарылмаған, бірақ төленбеген қарапайым акциялар	(4,281,767,838)	(4,336,984,540)
<b>Шығарылған және төленген акциялар жиыны</b>	<b>718,318,712</b>	<b>663,102,010</b>
Бір акцияға номиналды құн, теңге	1,000	1,000
<b>Шығарылған және төленген акционерлік капитал</b>	<b>718,318,712</b>	<b>663,102,010</b>

Барлық қарапайым акция әр акция бойынша бір дауыстың құқығын береді.

2014 жылы Холдинг ақшалай нысанда 45,000,000 мың теңге сомасында акционерлік капиталға жарна салды (2013 ж.: 30,486,550 мың теңге).

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2014 жылғы 2 қазандағы №964 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар комитеті «ҚИК» АҚ акцияларының 26% Холдингке акционерлік капиталға салым ретінде табыстады. Мәміленің сомасы бір акцияға номиналды құны 1,000 теңге болатын 10,216,701 табысталған акциялардың жалпы санымен 10,216,702 мың теңге және бір акцияға номиналды құны 608 теңгеге 1 акция құрады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**16 Акционерлік капитал (жалғасы)**

Холдингті құрылтайлау күні оның акционерлік капиталына жарна 1 ескертпеде көрсетілгендей, келесі он даму институтының акцияларымен жасалған болатын:

<i>(Мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Беру күні</b>	<b>Жарна құны</b>
«ҚДБ» АҚ	25/10/2013	238,515,793
«ҚТҚЖБ» АҚ	27/08/2013	95,159,603
«ҚКМ» АҚ	24/10/2013	84,296,686
«Даму» ҚДҚ» АҚ	28/08/2013	78,925,794
«ҚИК» АҚ	28/08/2013	28,265,532
«БД» АҚ	27/08/2013	47,732,078
«ТДҰА» АҚ	27/08/2013	25,533,132
«ҚИҚ» АҚ	28/08/2013	18,939,971
«ҚЭГ» АҚ»	28/08/2013	13,018,407
«ҚИНКҚ» АҚ	24/10/2013	2,228,464
<b>Жиыны</b>		<b>632,615,460</b>

### **17. Қаржылық тәуекелдерді басқару**

**Тәуекелдерді басқару бойынша Холдингтің қағидалары мен рәсімдері.** Тәуекелдерді басқару бойынша Холдингтің саясаты Холдингтің ұшырайтын тәуекелдерді анықтауына, талдауына және басқаруына, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдердің деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкес келуін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару бойынша саясат пен рәсімдер нарық жағдаятының, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің және пайда болатын үздік тәжірибенің өзгертілуін көрсету мақсатында үнемі қайта қарастырылады.

Тәуекелдерді басқару бойынша саясаттың мақсаттары келесіден тұрады:

- Холдингті басқару элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған үдерісі мен тиімді кешенді жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне қолданылатын бірегей стандартталған тәсіл негізінде Холдингтің қызметін тұрақты жетілдіру;
- Холдингтің оның қызметінің ауқымына сәйкес келетін тиімді тәуекелдерін қабылдауын қамтамасыз ету;
- Ұстап тұрушы қабілетті анықтау және қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
- Тәуекелдерді уақтылы анықтау;
- Залалды барынша азайту және әлеуетті залалдың орнын толтыруға жұмсалған ағымдағы шығынды төмендету .

**Тәуекелдерді басқару құрылымы.** Холдингтің тәуекелдерін басқару құрылымы Холдингтің келесі органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен бірнеше деңгейде тәуекелдерді басқарумен берілген: Директорлар кеңесі, Активтер мен міндеттемелерді басқару комитеті, Инвестициялық комитет, Тәуекел-менеджмент департаменті, Ішкі аудит қызметі, алқалы органдар мен басқа құрылымдық бірліктер.

**Директорлар кеңесі.** Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейі Холдингтің Директорлар кеңесімен берілген. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару бойынша бақылау жүйесінің тиісті қызмет етуі үшін, басты тәуекелдерді және тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін басқару үшін толық жауапты болады. Директорлар кеңесі Холдингтің қызметінің міндеттерін анықтайды және тәуекелдерді басқаруға қатысты құжаттарды бекітеді.

**Басқарма.** Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейі Холдингтің Басқармасымен берілген. Холдингтің Басқармасы корпоративтік саясаттың талаптарына сәйкес қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және тәуекелді бақылау құрылымын құрғаны үшін жауапты болады. Басқарма тәуекелдерді басқаруды және Холдингтің тәуекелдерін басқару философиясын көрсететін «тәуекелдерді саналы түсіну» мәдениетін құрғаны үшін жауапты болады. Басқарма сондай-ақ барлық қызметкердің тәуекелдерді басқаруға айқын нақты жауаптылығы болатын және өз міндеттерін тиісті түрде атқарғаны үшін жауапты болатын тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізгені үшін жауапты болады. Басқарма тиісті комитеттерді құру арқылы тәуекелдерді басқару саласында өз функцияларының бөлігін жүзеге асыруға уәкілетті.



**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**17 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

*Тәуекелдер жөніндегі комитет.* Комитет тәуекелдерді басқару жүйесінің қызмет ету үдерісін үйлестіретін Холдингінің әрекет ететін алқалы кеңес беретін органы болып табылады. Негізгі мақсаттары келесілер болып табылады: Холдингіте тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған үдерісі мен тиімді кешендік жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне қолданылатын бірегей стандартталған тәсіл негізінде Холдингінің қызметін тұрақты жетілдіру.

*Менеджмент тәуекелі департаменті.* Тәуекелдерді басқару үдерісінің үшінші деңгейі Менеджмент тәуекелі департаментімен берілген. Менеджмент тәуекелі департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқару мен қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес бақылауды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептілікті анықтау. Бағалау, басқару мен берудің жалпы қағидалары мен әдістерін іске асыруды бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

*Ішкі аудит қызметі.* Холдингінің Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдерді бағалау әдістерінің аудитін өткізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлейді. Ішкі аудит қызметі Холдингінің Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептерді береді және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес басқа функцияларды орындайды.

*Құрылымдық бірліктер.* Тәуекелдерді басқару құрылымындағы маңызды элементтердің бірі әр қызметкермен көрсетілген Холдингінің құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдердің иелері) тәуекелдерді басқару үдерісінде басты рөлді орындайды. Холдингінің қызметкерлерінің күн сайын тәуекелдермен ісі болады, тәуекелдерді басқарады және олардың қызметінің саласына әлеуетті әсер етуді бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару бойынша әрекеттер жоспарын іске асырғаны, олардың қызметінің саласындағы ірі тәуекелдер туралы уақытылы анықтағаны және ақпараттандырғаны және жұмыстар жоспарына қосылу тиіс тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстарды әзірлегені үшін жауапты болады.

**Несие тәуекелі.** Холдингі қаржылық құралмен операция жасайтын тараптардың біреуінің шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан басқа тарапқа қаржылық залалдың келтірілуінің себебі болып табылуына тәуекел болып табылатын несие тәуекеліне ұшырағыш. Несие тәуекелі нәтижесінде қаржылық активтер туындайтын контрагенттермен Холдингінің несиелік және басқа операциялары нәтижесінде туындайды.

Холдингінің несие тәуекелінің максималды деңгейі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте қаржылық активтердің баланстық құнында көрсетіледі. Несиені беру бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер үшін несие тәуекелінің максималды деңгейі міндеттемелер сомасына тең болады. Несие тәуекелінің төмендеуі кепілзатпен қамтамасыз ету және несие сапасын жақсартатын өзге шаралар есебінен жүзеге асырылады.

Холдингі «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының қаржылық активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне сүйене отырып, бір контрагентке немесе байланысқан контрагенттер тобына лимитті қоса алғанда, контрагенттермен операцияларға лимиттерді орналастыра отырып, несие тәуекелін бақылайды.

**Несие тәуекелінің концентрациясы.** Холдингі несие тәуекелінің концентрациясына ұшырағыш. 2014 жылдың 31 желтоқсанына Холдингінің ақша қаражаты бес банкте орналастырылған, бұл Холдингінің несие концентрациясының тәуекеліне ұшыратады.

**Нарықтық тәуекел** – бұл Шетелдік валюталарды алмастыру курстарын немесе сыйақы мөлшерлемелерін қоса алғанда, нарықтың бағалардың өзгеру салдарынан Холдингінің табысының немесе оның қоржынының құнының өзгеру тәуекелі. Холдингі үшін нарық тәуекелі валюталық тәуекелден. Сыйақы мөлшерлемесін өзгерту тәуекелінен тұрады. Нарық тәуекелі нарықта жалпы және тән өзгерістердің және нарықтың бағалардың өзгеруінің деңгейіне ұшырағыш пайыздық, валюталық және үлестік қаржылық құралдарға қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарық тәуекелін басқару міндеті нарық тәуекеліне ұшырағыштықтың тиімді параметрлердің шегінен тыс шықпағанын басқару мен бақылау болып табылады, бұл ретте қабылданған тәуекелге алынған табыстылықты оңтайландыру қамтамасыз етіледі.

Нарық тәуекелін басқаруға жалпы жауапкершілік Басқарма Төрағасы басқаратын Басқармаға жүктеледі. Басқарма Тәуекел-менеджмент департаментінің ұсынымдарына сүйене отырып, нарық тәуекелінің лимиттерін бекітеді.

Холдингі жеке қаржы құралдары бойынша қордың көлеміне, сыйақының мөлшерлемелерін өзгерту мерзімдеріне, валюталық позиция, шығын лимиттері мен олардың сақталуын тұрақты мониторингілеуді өткізуге қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді белгілеу арқылы нарық тәуекелін басқарады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**17 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

**Сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту тәуекелі** – бұл сыйақының мөлшерлемелерін өзгерту нәтижесінде Холдингтің табысын немесе оның қаржылық құралдарының қоржынының құнын өзгерту тәуекелі.

Холдинг оның қаржылық жағдайына және ақша ағынына сыйақының нарықтық сыйақысының құбылуының әсеріне ұшырайды. Осындай құбылу пайыздық маржаның деңгейін ұлғайта алады, бірақ оны төмендеті немесе сыйақының мөлшерлемесі күтпеген жерген өзгерген жағдайда, залалдың туындауына әкеп соға алады.

Сыйақының мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі бар немесе болжанатын активтер өтеудің нақты мерзімімен ұқсас өтеу мерзімімен бар немесе болжанатын міндеттемелер көлемінен үлкен немесе аз болса, туындайды. Пайыздық тәуекелді басқару шығындарды толық өтеу қағидаларына негізделеді, алынған пайыздық табыс қаражатты тарту мен орналастыру бойынша шығынды өтеп, таза табысты алу мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету тиіс.

Кестеде төменде 2014 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Холдингтің пайыздық тәуекеліне жалпы талдау келтірілген. Оның ішінде сондай-ақ көрсетілген күндердің неғұрлым ерте болуына қарай, шарттарға және өтеу мерзімдеріне сәйкес пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау күндері бойынша бөлумен баланстық құн бойынша Холдингтің қаржылық активтерінің және міндеттемелерінің жалпы сомасы көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Талап етуге дейін және 1 айдан кем</b>	<b>1 - 6 ай аралығын- да</b>	<b>6-12 ай аралығын- да</b>	<b>1 жылдан астам</b>	<b>Пайызсыз</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2014 жылдың 31 желтоқсаны</b>						
Қаржы активтерінің жиыны	3,249,249	-	2,350,000	93,163,685	-	98,762,934
Қаржы міндеттемелерінің жиыны	-	-	-	(91,667,385)	(326,400)	(91,993,785)
<b>2014 жылдың 31 желтоқсанына пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық</b>	<b>3,249,249</b>	<b>-</b>	<b>2,350,000</b>	<b>1,496,300</b>	<b>(326,400)</b>	<b>6,769,149</b>

Кестеде төменде 2013 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Холдингтің пайыздық тәуекеліне жалпы талдау келтірілген. Оның ішінде сондай-ақ көрсетілген күндердің неғұрлым ерте болуына қарай, шарттарға және өтеу мерзімдеріне сәйкес пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау күндері бойынша бөлумен баланстық құн бойынша Холдингтің қаржылық активтерінің және міндеттемелерінің жалпы сомасы көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Талап етуге дейін және 1 айдан кем</b>	<b>1 - 6 ай аралығын- да</b>	<b>6-12 ай аралығын- да</b>	<b>1 жылдан астам</b>	<b>Пайызсыз</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2013 жылдың 31 желтоқсаны</b>						
Қаржы активтерінің жиыны	2,385,171	1,700,000	-	-	-	4,085,171
Қаржы міндеттемелерінің жиыны	-	-	-	-	(201,046)	(201,046)
<b>2013 жылдың 31 желтоқсанына пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық</b>	<b>2,385,171</b>	<b>1,700,000</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(201,046)</b>	<b>3,884,125</b>

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**17 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)**

Пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту немесе азайту жағына 100 базистік тармаққа табыстылықтың қисықтарын параллельдік жылжытудың жеңілдетілген сценарийі және 2014 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қарастырылған позициялар негізінде жасалған пайыздық мөлшерлемелерді өзгертуге (сыйақының мөлшерлемелерін қайта қарастыру тәуекелі) пайда немесе залал (салықтар шегеріліп) сезімталдығын талдау:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2013 ж. 22 мамыры (құрылу күні) – 31 желтоқсан</b>	
	<b>2014 ж. аралығы кезеңінде</b>	
100 базистік тармаққа параллельдік ұлғайту (2013: 100 базистік тармақ)	29,611	28,402
100 базистік тармаққа параллельдік азайту (2013: 100 базистік тармақ)	(29,611)	(28,402)

Холдинг қаржы құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелерді мониторингілеуді жүзеге асырады. Кестеде төменде есептер негізінде тиісті есептік күнге пайыздық мөлшерлемелер берілген.

<i>Жылдық орташа есептелген %</i>	<b>2014 ж. 31 желтоқсан</b>	<b>2013 ж. 31 желтоқсан</b>
<b>АКТИВТЕР</b>		
Ақша қаражаты және олардың активтері	7.60%	6.00%
Депозиттер	8.28%	8.00%
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер	6.50%	-
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
Шығарылған қарыз бағалы қағаздары	6.50%	-

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің өтімділігі жоғары кестеде берілген. Қаржылық міндеттемелер бойынша келісімшарттық төлемдер амортизацияланбаған дисконт пен келешек пайыздық шығынның сомасына олардың баланстық құнынан артпайды. 2014 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша, шығарылған қарыз бағалы қағаздары бойынша келісімшарттық төлемдер 2034 жылы өтеу мерзімімен 273,000,000 мың теңге номиналды құн мен жыл сайын төленетін 5,364,458 мың теңге келешек пайызды қоса алғанда, 278,364,458 мың теңгені құрайды.

**Капиталды басқару.** Холдингте Холдингтің иелеріне тиесілі таза активтерге сияқты капиталға қарайды. Холдингте капиталға қоятын реттік талаптары болмайды.

**Құқықтық тәуекелдер** – Холдинг заңнамасын қолайсыз өзгертудің туындау ықтималдылығынан, заңнаманы дұрыс қолданбаудан, шешімдер қабылдау кезінде ішкі құжаттарды сақтамаудан, мемлекеттік уәкілетті органдарға уақытылы хабарламаудан (өртүрлі жағдаяттарда: құжаттарды дайындау кезінде, заңды маңызды әрекеттер жасалған кезде және т.б.) тұратын құқықтық тәуекелге ұшырғыш.

Холдинг заңнаманы өзгертуді мұқият мониторингілеу, тапсырмаларды орындауды мониторингілеу, заң қызметінің қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, кеңес берушілерді тарту арқылы құқықтық тәуекелді басқарады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**  
**18. Шарттық міндеттемелер**

**Сотта істі қарау.** Уақыт өте келе ағымдағы қызмет барысында сот органдарына Холдингке және оның еншілес кәсіпорындарына қатысты талап арыздар келіп түседі. Өз бағалауына, сондай-ақ ішкі кәсіпқой кеңес берушілердің ұсынымдарына сүйене отырып, Холдингінің басшылығы ол бойынша істі қараудың Холдинг үшін елеулі залалға әкеп соғады деп санайды және сәйкесінше, Холдинг **ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН** қаржылық есептілікті осы істе қарау бойынша залалды өтеуге резервті құрып қойған жоқ.

**Шартты салық міндеттемелері.** Қазақстан Республикасының салық және кедендік заңнамасы әртүрлі түсіндірмелердің болуына жол береді және жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырағыш. Басшылықтың Холдингінің операциялары мен қызметіне қатысты заңнаманы түсіндіруі заңнаманы түсіндіру және есептеулерді бағалау кезінде неғұрлым қатаң позицияны ұстана алады және өткен уақытта дауланбаған операциялар пен қызмет дауланатын болады деген ықтималдылық болады. Нәтижесінде қосымша салықтардың, айыппұлдардың және өсімпұлдардың елеулі сомасы есептеле алатын болады. Салық кезеңдері тексеру өткізілетін жылдан кейінгі бес күнтізбелік жыл ішінде салықтарды төлеу тақырыбына тиісті салық органдарының тексеруі үшін ашық болып қалады. Жеке жағдайларда тексеру неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамти алады.

Компаниялар арасындағы операциялар нәтижесінде туындайтын салық міндеттемелері осындай операцияларда пайдаланылған нақты бағалар негізінде анықталады. Қазақстан Республикасында трансферттік бағаны белгілеу ережелерінің түсіндірмелерінің ары қарай өрістеуіне және Қазақстан Республикасының салық органдары қолданатын тәсілге өзгерістерді енгізуге қарай, осы трансферттік бағалар келешекте даулана алады деген ықтималдылық бар. Қазақстан Республикасында трансферттік баға белгілеудің қағидаларының қысқа уақыт қана әрекет ететін ескере отырып, осындай даулы жағдайлардың салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалана алмайды. Оған қоса, олар жалпы алғанда ұйымның қаржылық жағдайы және/немесе қызметі үшін елеулі бола алмайды.

Қазақстандық салық заңнамасы кейбір салық мәселелері бойынша айқын басшылықтан тұрмайды. Кейде Холдинг бойынша жалпы салық мөлшерлемесінің төмендеуіне әкеп соғатын осындай анықталмаған салық мәселелерін түсіндіруді Холдинг қолданады. Жоғарыда аталғандай, әкімшілік және сот тәжірибесінде ахуалдардың жақын арада дамуына байланысты, салық позицияларын осылайша түсіндіру мұқият тексеріле алады. Салық органдарының тарапынан осындай тексерістің салдары сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалана алмайды; бірақ олар жалпы алғанда ұйымның қаржылық жағдайы және/немесе қызметі үшін елеулі бола алады.

**Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер.** Холдингінің операциялық жалдауда бірқатар ғимараты мен автокөлігі болады. Жалдау, негізінен, көрсетілген уақыт өткен соң жалдауды ұзарту мүмкіндігімен бір жылға бастапқы кезеңге рәсімделеді. Жалдау төлемдері нарықтық жалдау жағдайларын көрсету үшін әдетте жыл сайын ұлғайтылады. Жалдау шартты жалдаудан тұрмайды.

## **19. Байланысты талаптармен операциялар**

Тараптар жалпы бақылауда болса немесе олардың біреуінің басқа тарапты бақылау мүмкіндігі болса, немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдау кезінде елеулі әсер ете алатын болса, олар байланысты болып саналады. Байланысты тараптармен қатынастар болып табыла алатын қатынастардың әр жағдайын қарастыру кезінде, осындай қатынастардың заңды нысанын ғана емес, сондай-ақ мазмұнын (мәнін) назарға алу керек.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің Холдингке едәуір әсері бар, себебі соңғы бақылаушы тарап болып табылады. Холдинг мемлекеттік кәсіпорындармен есеп айырысу бойынша жеке едәуір емес операциялар мен қалдықтар туралы ақпаратты ашудан босатуды қолдану туралы шешім қабылдады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**

**19 Байланысты талаптармен операциялар (жалғасы)**

Төменде 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар (9 ескертпе)	718,382,161	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген несиелер (8 ескертпе)	93,163,685	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын-ала төлем	-	69,312
Шығарылған қарыз бағалы қағаздары (10 ескертпе)	-	(91,667,385)
Қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(284,952)
Басқа міндеттемелер	-	(44,438)

2014 жылғы байланысты тараптармен операциялар бойынша табыс пен шығынның баптары төменде көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Пайыздық табыстар	2,068,433	-
Пайыздық шығындар	-	(2,039,609)
Алынған дивидендтер	4,173,036	-
Басқа операциялық табыс	(181,834,334)	183,322,224
Әкімшілік және басқа операциялық шығындар	-	(533,451)
Табыс салығы бойынша шығын	-	(284,952)

2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша байланысты тараптармен операциялар бойынша баптар төменде көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар (9 ескертпе)	663,015,460	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(12,580)
Басқа міндеттемелер	-	(49,785)

2013 жылғы 22 мамыр (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде байланысты тараптармен операциялар бойынша табыс пен шығынның баптары төменде көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Алынған дивидендтер	5,741,857	-
Әкімшілік және басқа операциялық шығындар	-	(45,786)
Табыс салығы бойынша шығын	-	(971,311)

Басқарма мүшелеріне, Басқарушы директорларға және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың жалпы мөлшері төменде берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгеде)</i>	<b>2014</b>	<b>2013 ж. 22 мамыры (құрылу күні) – 31 желтоқсан аралығы кезеңінде</b>
Директорлар кеңесінің мүшелері	152,607	52,001
Басқарма мүшелері және Басқарушы директорлар	259,662	99,851
<b>Жиыны</b>	<b>412,270</b>	<b>151,852</b>

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2014 жылғы 31 желтоқсан**

**20. Есептік күннен кейінгі ахуалдар**

2014 жылдың ортасынан бастап мұнайға әлемдік баға 55 пайыздан артық түсіп кетті, бұл Қазақстанның мұнайға тәуелді экономикасының өсімінің келешегіне едәуір әсер етті. 2015 жылдың 9 ақпанында StandardandPoor's несиелік агенттігі теріс болжаммен "BBB+" бастап "BBB" дейін шетелдік және жергілікті валютада алу үшін елдің егеменді несиелік рейтингтерін төмендетті.

2015 жылдың қаңтар айында Холдинг, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 01-7.16 отырыс хаттамасына сәйкес, жалға кейін тапсыру үшін, тұрғын үйдің құрылысын мен сатылуын қаржыландыру үшін жылына 0.1% сыйақы мөлшерлемесімен, 30 жыл өтеу мерзімімен 92,500,000 мың теңгеге купондық облигацияларды шығарды. Тартылған қаражат жылына 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен, 30 жыл өтеу мерзімімен Холдингтің еншілес кәсіпорны «ҚИК» АҚ-на несиелер нысанында игеруге қарай беріледі.

2015 жылдың наурыз айында Холдинг, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 01-9.1 отырыс хаттамасына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілері мен отандық өндірушілерді қаржыландыру мақсатында, жылына 0.1% сыйақы мөлшерлемесімен, 20 жыл өтеу мерзімімен 170,000,000 мың теңгеге купондық облигацияларды шығарды. Тартылған қаражат жылына 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен, 20 жыл өтеу мерзімімен Холдингтің еншілес кәсіпорындарына несиелер нысанында берілген болатын: 1) «Даму» ҚДҚ» АҚ шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және несиелендіруге 50,000,000 мың теңге мөлшерінде; 2) «ҚДБ» АҚ ірі кәсіпкерлікті қолдау және несиелендіруге 50,000,000 мың теңге мөлшерінде; 3) «ҚДБ» АҚ отандық автоөндірушілер, ұшақтар мен жолаушылар вагондарын өндірушілер үшін лизинг және/немесе несиелер механизмі, сондай-ақ экспорттық және экспорт алдындағы несиелеу арқылы қаржыландыруды беру мақсатында 70,000,000 мың теңге мөлшерінде.

Сондай-ақ, 2015 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесінің 2014 жылғы 11 маусымдағы № 01-7.7 отырыс хаттамасына сәйкес, Астана қаласында ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрме аумағында жылжымайтын мүліктің тұрғын үй нысандары мен сауда-ойын сауық орталығын салуды ары қарай қаржыландыру мақсатында жылына 0.1% сыйақы мөлшерлемесімен, 20 жыл өтеу мерзімімен 38,095,125 мың теңгеге купондық облигацияларды шығарды. Тартылған қаражат жоғарыда көрсетілген мақсаттар үшін жылына 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен Холдингтің еншілес кәсіпорнына несиелер нысанында берілген болатын.